

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы
03 қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде

- 1) Педагогикалық этика мен Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. Жауапты: Сергазинова Г.Т.
- 2) Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. Жауапты: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы
- 3) Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. Жауапты: ДТДЖО Кожахметова А. сөз сөйлемеді.

I мәселе бойынша мектеп директоры Сергазинова Г.Т. сөз сөйлемеді

Педагогикалық әдеп және кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру үйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» ҚР заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялышты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру үйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән – жайларды жан – жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы әр 3 жылда сайлану керек. Биылғы оку жылынан бастап жаңадан кеңес құрамын сайлау керек.

Сайлау барысында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілді:

- 1) Секуова А.Т. – тарих пәнінің мұғалімі, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы
- 2) Абжиков С.Е. – аудандық білім бөлімінің әдіскері
- 3) Аскарова М.Ж. – кәсіподақ үйымының төрағасы
- 4) Бузабекова Г.М. – құрметті демалысқа шыққан ұстаз
- 5) Сактаганова Р.Ж. - құрметті демалысқа шыққан ұстаз
- 6) Амиржанова Ү.А. – мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі
- 7) Копабаева Д.И. – орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі